



## Есеп құрылымы

*1) Кеңес беруді қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері;*

Қазіргі кезде дүние жүзінде 300-ге тарта жылқы тұқымымен тұқымдық тобы және популяциялар өсіріледі. Осыған орай жылқыларды топтастырып, классификациялау қажеттілігі туындап отыр.

Асыл тұқымды жылқы өсіруші шаруашылықтың, әсіресе жылқы заводтарының бүгінгі күн талабына сай міндеттерді тек асыл тұқымды жылқы өсіру ғана емес. Қазіргі уақытта сатылатын жылқылардың аталық ізі, ол іздің өнімділік және нәсілдік қасиеттерінің ерекшеліктері, осыған орай оларды өзара шағылыстырудың және басқа тұқыммен будандастырудың тәртібі толық белгілі болуы қажет. Жылқылардың тұқымдық құндылығын анықтау үшін, тікелей ата-тегін тексерумен қатар, оның жанама (аталас немесе енелес) туыстары өнімділігіне де баға беріледі.

Пробандтың жанама туыстарына, бір ата-енеден туғандар мен аталас (әкелері бір, енелері бөлек), не енелес (енелері бір, әкелері бөлек) жылқылар жатады.

Тек аталас не енелес туыстары бойынша сұрыптау көбінесе төлді аз беретін жылқы түлікін өсіргенде де жиі қолданылады.

*2) Қойылған проблеманы немесе қызметті жақсарту жөніндегі кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс проблемалар шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсынымдары*

Жылқы тұқымдарын тиісті оқулықтарды қолдану арқылы терең оқып-үйрену барысында мынандай мәселелерге ерекше көңіл бөлу қажет: тұқымның шығу тарихы, қашан, қайда, қандай әлеуметтік-экономикалық және табиғат жағдайында, қандай тұқымдарды пайдаланды және қалай шыққан.

Жылқы тұқымдарының сипаттамасы:

Өсіру бағыты, негізгі түр-түсі, дене өлшемдері, биологиялық құрылысы, жетілуі, өсімталдығы, жұмыс қабілеттілігі, аталық іздер, рекордтары;

Жылқы тұқымдарының шаруашылық маңызы:

Жылқы басының саны, таралу аймақтары, мемлекеттік асыл тұқымды кітаптары, тұқым жақсарту жұмысының жоспары, тұқымды жақсарту шаралары.

*3) Өнім өндірісін ұлғайтудың/өнімділікті арттырудың/өзіндік құнын төмендетудің сандық көрсеткіштерін көрсете отырып, АӨК субъектілеріне ұсынымдарды қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже және т. б.;*

Жылқы тұқымдарын топтастырып, жіктеу (классификациялау) оларды зерттеуді жеңілдетіп, асылдандыру ісін жүйелі түрде ұйымдастыруға мүмкіндік тудырады. Зоотехниялық әдебиетте генеалогиялық із деген атау да кездеседі. Генеалогиялық іздің аталық ізден айырмашылығы оған керек тұқым малының барлық ұрпағы кіреді. Сондықтан генеалогиялық іздің тегі бар болғанмен, өнімдік ерекшеліктері жағынан әр текті болады.

Аталық із және аналық ұя құру арқылы таза тұқым өсіру мына төмендегі үш кезеңнен тұрады: аталық ізді құру, көбейтіп жетілдіру және әр түрлі аталық іздерді шағылыстыру.

Аталық ізді құру жылқы тұқымының алғашқы қалыптасу кезеңінде де, кейінгі жетілдіру кезеңінде де жүргізіле береді. Аталық із құру үшін өнімдік қасиеттері ерекше дамыған және ол қасиеттерін ұрпақтарына толық бере алатын еркек тұқым жылқы табу қажет. Мұндай жылқыны саналы сұрыптау мен жұп таңдау нәтижесінде туады.

Аталық із құру әдетте шаруашылыққа пайдалы қасиеттері жақсы жетілген еркек тұқым жылқы іріктеп алып, олардың ұрпағының сапасын мұқият тексеруден басталады. Осы жолмен таңдап алған жылқының аталық ізін қалыптастыру мына тәртіппен жүреді:

а) ұрпағының сапасы бойынша таңдап алынған өнімі мол, құнды аталықты дене бітімі мен өнімі өзіне ұқсас ұрғашы тұқым жылқымен шағылыстырады, алынған төлдің тек атасына ұқсас мол өнімділерін іріктеп алады.

б) аталық іздің негізін қалаушы еркек тұқым жылқы мен оның жақын туыстарын шағылыстырады, яғни жоғары дәрежедегі инбридинг қолданылады. Селекция тәжірибесінде әкесі мен ұрғашы ұрпағын, атасы мен ұрғашы немересін, бір аталастарды шағылыстыру жиі қолданылады.

Егер жоғарыда айтылған туыстас малды шағылыстырудан алынған төлдердің басым көпшілігінде аталық ізге тән ерекше өнімді қасиеттер сақталса, атасына ұқсас, ұрпағына қасиеттерін толық бере алатын бірнеше еркек тұқым алынса, аталық із толық құрылды деп есептелінеді.

Қазіргі талаптарға сәйкес аталық іздің өзіне тән өнімдік ерекшеліктерімен қатар, нәсілдік ерекшеліктері болуы қажет. Аталық ізді жалғастыратын үш ұрпақтан тұратын, кем дегенде екі тармақ, екі аналық ұя болуы шарт. Сонымен қатар аталық ізді кем дегенде 5-6 ұрпақ бойы сақтап, жетілдіру үшін жылқының саны да жеткілікті болу керек.

Жылқыны жанама туыстары бойынша бағалаудың тікелей ата-тегі бойынша сұрыптауға қарағанда біршама артықшылықтары бар.

1. Сұрыпталатын жылқы мен оның жанама туыстарын бағалау мерзімінің, жағдайының сәйкес келуі, яғни аталас ұяластардың, сол сияқты тек аталас немесе енелес туыстардың бір жастағы, бір жағдайда өсіп, өнім берген өкілдерін алады. Міне сондықтан жанама туыстары бойынша берген баға жылқының тұқымдық, өнімдік қасиеттерін дәлірек сипаттайды.

2. Сұрыпталатын малдың аталас не енелес туыстары қаншама көп болған сайын, соншалықты оның тұқымдық, өнімділік құндылығы туралы деректер толығырақ болады. Сондықтан да малға көптеген аталас не енелес туыстарының өніміне қарап берген баға, тікелей ата-енелері бойынша жасаған тұжырымнан біршама сенімдірек.

Жанама туыстары бойынша сұрыптаудың бұл артықшылығы, селекциялық белгінің тұқым қуалаушылық коэффициенті төмен болған сайын үдей береді.

4) кеңес беру фотосуреттері



